

Жобаны қаржыландыру



Цифрлық жобалар



Иссапарға жіберу бағдарламасы



Шәкіртақы бағдарламалары



Неміс азшылықтарына
қолдау көрсету

Германия Федеративтік
Республикасының сыртқы істер
министрлігі қаржыландырады

www.ifa.de

IFA ұйымы азаматтық қоғам субъектісі және көпір салушы ретінде әрекет ете отырып, Шығыс Еуропадағы және ТМД елдеріндегі неміс азшылықтарына қолдау көрсетеді.

Азшылықтар — демократияның және заң ұлықтылығының сейсмографтары. Олар мәдениеттердің арасындағы дәнекерші болып, әртүрлі топтар мен ұлттардың қатар өмір сүруіне байытатын импульстер бере алады. Мұның алғышарты — азшылықтардың жақсы институционалдық және жеке жағдайға, соның ішінде тартымды бағдарламаларға ие болуы.

IFA ұйымы ұйымдардың мәдениет, білім беру және жастар саласындағы жұмысты қолдай отырып, мәдениаралық диалогке себептеседі және Германияның заманауи әрі космополиттік бейнесін жеткізеді.

IFA ұйымы

IFA (Халықаралық қатынастар институты) бейбітшілік, өзара алмасу және қарым-қатынас жасауды жақтайды. Оның бағдарламалары, көрмелері, жарияланымдары мен қаржыландыру шаралары 100 жылдан астам уақыт бойы Германияның сыртқы мәдени саясатын қалыптастыруға көмектесуде.

Бізден хабар алып отырыңыз

Facebook.de/Mind_Netz
Facebook.de/ifa
www.ifa.de/foerderungen

Иссапарға жіберу бағдарламасы

25 жылдан астам IFA ұйымы Шығыс Еуропа мен ТМД елдеріндегі неміс азшылықтарына іссапарға жіберу бағдарламасының көмегімен қолдау көрсетеді. Германиядан мәдениет жөніндегі менеджерлер және редакторлар ағымдағы уақытта IFA атынан тоғыз елдегі неміс азшылықтарымен жұмыс істеп отыр. Бұл мамандар қабылдаушы мекемелер мен олардың жобаларына жаңа импульс, арнайы білім мен шығармашылық әлеует ендіреді.

Қаржы қандай нәрселерге бөлінеді?

Мәдениет жөніндегі менеджерлер мәдениет, жастар мен білім беру саласындағы жұмысты қолдай отырып, осылайша бірінші қатарда неміс азшылықтарының жас ұрпағымен өзара әрекет жасаса, редакторлар қабылдаушы мекеменің тіл сапасын жақсартып, редакциялық желілерді кеңейтеді. Иссапарға жіберу, сондай-ақ қабылдаушы мекемелердің ұйымдық құрылымын жетілдіруге жағдай жасайды.

Қайда?

Қазіргі уақытта іссапарға жіберу бағдарламасы Қазақстан, Польша, Ресей, Румыния, Сербия, Словакия, Чехия, Украина мен Венгрияда 21 штаттық қызметті қамтиды.

Өтініштер

Мәдениет жөніндегі менеджерлер мен редакторларды іссапарға жіберу қыркүйек айынан бастап тамыз айына дейін орын алып, мерзімі ең көбі бес жылға дейін ұзартылуы мүмкін. Бос орындар жыл сайын көктемде жарияланады.

www.ifa.de/foerderungen/entsendeprogramm
entsendung@ifa.de

Бос орындар туралы хабарландыру:
www.ifa.de/organisation/jobs-und-karriere

Шәкіртақы бағдарламалары

Мәдениет жөніндегі көмекші және тағылымдама бағдарламасы арқылы IFA ұйымы әсіресе жас дарындарды, сондай-ақ неміс азшылықтарынан қызметкерлер мен еріктілерді қызмет бабында жоғарылатады және неміс азшылықтарының ұйымдары, редакциялары мен қауымдастықтарының тәжірибелік біліктілігіне және еларалық ынтымақтастығына жағдай жасайды.

Мәдениет жөніндегі көмекші бағдарламасы

Арнайы жобасы немесе даму жоспары бар неміс азшылықтарының ұйымдары мәдениет жөніндегі көмекшіге өтінім береді. Мақұлданған жағдайда, олар IFA ұйымынан бұл жобаны ұйым ішінде орындауға және қолдауға арналған үш-алты айлық шәкіртақы алады.

Тағылымдама бағдарламасы

Бұл бағдарламаның аясында еріктілер ұлттық шекаралардан тыс жеке таңдалған неміс азшылықтарының ұйымында белгілі бір тақырыптар бойынша озық тәжірибе үлгілерімен және жұмыс әдістерімен танысып шығу үшін үш аптаға дейінгі мерзімге шәкіртақы алады.

Әлеуметтік желі шәкіртақысы

Әлеуметтік желі шәкіртақысы жастарға әлеуметтік желі репортерлері ретінде неміс азшылықтарының әртүрлі мекемелеріне барып, сол жерде өз жұмысы мен тәжірибесін бөлісуге мүмкіндік береді. Шәкіртақы екі аптаға дейінгі мерзімге «Mind_Netz» медиа платформасымен бірлесіп ұсынылады.

www.ifa.de/foerderungen
dmi-stipendien@ifa.de

Жобаны қаржыландыру

IFA ұйымы жабық екі кезеңді грант ұсыну процедурасының аясында неміс азшылықтары үшін жауапты тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста тұрақты дамуға бағытталған ірі жобаларға қолдау көрсетеді.

https://www.ifa.de/foerderungen/
projektfoerderung-deutsche-minderbeiten
dmi-projektfoerderung@ifa.de

Цифрлық жобалар

Неміс азшылықтарымен цифрлық жобалар ұлтаралық импульс жасап, аймақтық ынтымақтастықты күшейтеді. IFA ұйымы инновациялық жобаларға бастамашы болып, оларды неміс азшылықтарының серіктестік желісімен бірлесе іске асырады.

Mind_Netz

«Mind_Netz» жобасы неміс азшылықтарын әлеуметтік желілердегі платформамен қамтамасыз етеді. Неміс азшылықтарының мүшелері және мүдделі тараптар Шығыс Еуропа мен ТМД елдеріндегі неміс азшылықтары мен ағымдағы оқиғалар туралы ақпарат алу, бір-бірімен байланыс орнату және бір желіде бірігу мақсатында әртүрлі арналарды пайдалана алады.

Facebook.de/Mind_Netz
mind_netz@ifa.de